Анықтама

Тақырыбы: «Мамандықтар әлеміне кітаппен саяхат»

Түрі: танымдық сағат

Күні: 20 қараша

Қатысқандар: 2 сыныптар

Мақсаты: Оқушылардың кітап оқу арқылы түрлі мамандықтар туралы білімдерін кеңейту, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттері арқылы мамандықтардың ерекшеліктерін таныту, кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру.

2-сынып оқушыларының қатысуымен «Мамандықтар әлеміне кітаппен саяхат» атты танымдық сағат өткізілді. Іс-шара барысында оқушыларға мамандықтардың алуан түрлілігі, олардың адам өміріндегі орны мен қоғамға тигізетін пайдасы туралы қызықты мәліметтер берілді. Балалар кітаптар арқылы дәрігер, мұғалім, құрылысшы, аспаз, ұшқыш, өрт сөндіруші, кітапханашы және басқа да мамандық иелерінің қызметімен танысты. Танымдық сағаттың ерекше бөлімі мамандықтарға арналған кітаптар мен көрнекі материалдарды таныстыруға арналды. Оқушылар кітап беттеріндегі түрлі мамандық иелерінің еңбегі туралы мағлұмат алып, өз ойларымен бөлісті. Сонымен қатар «Мамандықты тап», «Кім не істейді?», «Мен өскенде кім боламын?» атты қызықты сұрақ-жауаптар мен танымдық тапсырмалар ұйымдастырылды. Оқушылар мамандықтарға байланысты жұмбақтар шешіп, суреттер арқылы кәсіп түрлерін анықтады. Өздерінің болашақта кім болғысы келетінін айтып, армандарымен бөлісті.
Қорытынды: «Мамандықтар әлеміне кітаппен саяхат» танымдық сағаты оқушылардың дүниетанымын кеңейтіп, мамандықтарға деген қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Балалар кітаптың білім мен таным көзі екенін ұғынып, еңбек адамдарына құрметпен қараудың маңызын түсінді. Іс-шара өз мақсатына жетіп, оқушыларға көтеріңкі көңіл күй мен жақсы әсер сыйлады.





https://www.instagram.com/reel/Dev5H-asxJo/?dlrf=MW5vanozZXltZjl6bQ==